

Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез.

Абай

ҚҰРҒЫШ ҚАЛА KZ

khurysh_khala_KZ@mail.ru

Теміртау қалалық әлеуметтік-ақпараттық газет 21 тамыз жұма 2015 жыл № 31 (33)

ҚР Конституциясы — құқықтық мемлекет құрудың кепілі



Кеше осы тақырыпта тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығында Ата Заңымыздың 20 жылдығына орай дөңгелек үстел болып өтті. Мерекелік іс-шараға қала прокуратурасы мен әділет басқармасының, қала әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі мен Ішкі істер органдарының, сонымен қатар білім ордаларының, қоғамдық ұйымдар мен этно-мәдени орталықтар басшылары мен мұсылман және христиан діни бірлестіктерінің өкілдері қатысты.

2 - бет



«Мектепке жол» басталды




Өткен жұма күні қаламыздың шығыс бөлігіндегі «Әлем» балалар мен жасөспірімдер сарайына мектеп жасындағы балаларын жетектеп ағылған ата-аналар қарасы көп болды. Мұнда дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясының алғашқы іс-шарасы өтті. Оны тұңғыш Президент қоры, «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы, оқу бөлімі және қоғамдық ұйымдар бірлесіп ұйымдастырды. Кең фоездегі келушілерді тіркеуші қыздардың алды бір босаған жоқ. Осыған қарап-ақ «Мектепке жол» акциясының жоғарғы деңгейде ұйымдастырылғанына нық сенімде едік. Келесі бір сәтте ата-аналардың өздерімен де тілдесіп үлгердік.

4 - бет



Аулалар байқауы

Теміртау қалалық ардагерлер кеңесі биыл төртінші рет үздік аулалар байқауын өткізгелі отыр. 15 қыркүйекте қорытындысы шығатын бұл бәсекеге 16 ауладан өтініш келіп түсті.



Дөңгелек үстел

Кеше осы тақырыпта тұңғыш Президент тарихи-мәдени орталығында Ата Заңымыздың 20 жылдығына орай дөңгелек үстел болып өтті. Мерекелік іс-шараға қала прокуратурасы мен әділет басқармасының, қала әкімдігінің Ішкі саясат бөлімі мен Ішкі істер органдарының, сонымен қатар білім ордаларының, қоғамдық ұйымдар мен этно-мәдени орталықтар басшылары мен мұсылман және христиан діни бірлестіктерінің өкілдері қатысты.



Дөңгелек үстелді аталған орталық директорының орынбасары Нәзира Ильясова ашып, одан әрі жүргізіп отырды. Бірінші кезекте жиналғандарға Ата заңымыздың тарихы мен зайырлы мемлекет қалыптастырудағы рөлі туралы бейнефильм көруден басталды. Содан соң қала прокурорының орынбасары Елдос Жаппар «Конституцияның елімізде құқықтық мемлекет қалыптастырудағы маңызы», деген тақырыпта баяндама жасады.

-1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясы еліміздің негізгі Заңы болып табылады. Ол конституциялық құрылыс пен оның негіздерін, адам мен азаматтың құқығы мен бостандығын, мемлекеттік ұйымдастыру негіздерін, сондай-ақ билікті жүзеге асыруды ұйымдастырудың негіздерін бекітуге шақырады. Қазақстан Республикасының Конституциясы басқа құқықтық актілерге қатысты жоғарғы заң күшіне ие:

елімізде қабылданатын бір де бір құқықтық акті (конституциялық заң, ҚР Президентінің Жарлығы, өңірлік құқықтық шығармашылық актісі, сот шешімі және тағы басқалар) Негізгі Заңға қайшы келе алмайды, ал қайшы келген жағдайда (заңды коллизия) Конституция нормалары басымдылыққа ие болады. ҚР Конституциясы – мемлекеттің құқықтық жүйесінің ядросы, ағымдағы салалық заңнаманы дамытудың негізі болып табылады, - дей келе баяндамашы Конституцияның кейбір бөлімдеріне тоқталып, олардың мән-мағынасы туралы түсініктер берді.

Мұнан соң сөз алған қалалық Әділет басқармасының бас маманы Назым Атабаева «Қазақстанның Негізгі заңының дайындалуы мен

қабылдануындағы Елбасының рөлі», атты баяндама жасап, тақырыпты жан-жақты ашты. Баяндама мазмұны, ақпараттарды қамтуы және айтар ой-пікірді жиналғандарға қарапайым тілмен түсінікті жеткізілуі жақсы әсер қалдырды. Дөңгелек үстелге қатысып отырғандар көңілдеріндегі сауалдарын беріп, нақты жауаптар алды.

Алдағы аптада кең көлемде аталып өтілетін Ата Заңымыздың 20 жылдығына орай өткізілген іс-шара мазмұнды болды, арнайы



ұйымдастырылған кітап көрмесі де жұртшылықтың қызығушылығын тудырды.



Қала көркі

Теміртау қалалық ардагерлер кеңесі биыл төртінші рет үздік аулалар байқауын өткізгелі отыр. 15 қыркүйекте қорытындысы шығатын бұл бәсекеге 16 ауладан өтініш келіп түсті.

Аулалар байқауы



Ардагерлер мен зейнеткерлердің бастамасымен әр үй, әр аула маңайын көркейтіп, абаттандыру, түрлі ағаштар мен гүл отырғызу осыдан төрт жыл бұрын қолға алынған болатын. Алғашқы байқауға он екі, ал былтыр мұндай жарысқа 32 аула белсенділері қатысты.

-Биылғы байқаудың жөні мүлде бөлек, өйткені қаламызға 70 жыл толғалы отыр. Сондықтан әрбір орам, әрбір көше осы мерейтой құрметіне өздері тұратын жерлердің, үй маңайының сәнді болуын қалайды. Тек жасыл желек ғана емес, түрлі ескі заттар, мәселен, көлік дөңгелектері, ағаш түбіртектері, әртүрлі тұрмыстық заттар боялып, өңделіп, ауланың сәніне айналууда. Қариялардың бұл бастамасын жастар мен мектеп мұғалімдері де қолдауға тиіс,-дейді қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова.

Теміртау 70 жылдық тарихы бар үлкен өндіріс ошағы, мұнда қандай да бір тың идеяларға жол ашық. Ал көбіне түгін, шаң басқан қалада аулаларды әдемілеп, әрлендірудің маңызы зор. Сондықтан мұндай байқаулар тұрғындардың белсенділігін арттырып, ынталандыра түсері сөзсіз. Ал қаланың қарт тұрғындары болса, қазіргі экология жағдайында үй маңайын, аулаларды лас күйінде ұстау мүлде жарамайды, «Тазалық - денсаулық кепілі», дегенді басшылыққа алып, осындай жарыстар арқылы қаланың сәнін келтіруді белгілеп отыр. Байқау қорытындысы шаһардың 70 жылдығына ұластырғанымен, оған өтініш қабылдау 15 қыркүйекте аяқталады. Сондықтан әрбір үй, әрбір аула, әрбір көше тұрғындары оған асыққандары жөн.

Қазақстандықтар тамызда 3 күн демалады

Еліміздің тұрғындары тамыздың соңында үш күн демалады. Биыл мемлекеттік маңызды мерекелердің бірі - Конституция күні, яғни 30 тамыз жексенбіге сәйкес келейін деп тұр. Сондықтан айдың ең соңғы сенбі, жексенбі және дүйсенбісінде жұрт жұмысқа шықпайды.

Яғни, барлық аймақ 29, 30 және 31 тамызда демалады. Биыл Қазақстан Ата Заңымыздың 20 жылдығын атап өткелі отыр. Сондықтан әр облыс, аудан, ауылдарда мәдени шаралар ұйымдастырылып, салтанатты жиындар өтеді. Сондай-ақ, бұл дата Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Айта кетейік еліміздің Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда өткен бүкілхалықтық референдумда қабылданған еді. Құжат кіріспе және 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады.



Республикалық бағдарлама



„Жас келсе - іске», дейді халқымыз, бұл рас, қаламызда „Жасыл ел», деп аталатын еңбек отрядтары құрамында негізінен 18-20 жастағы бозбалалар мен қыздар еңбек етуде. Биыл екінші жыл ұйымдастырылып отырған бұл отрядқа елу адам қабылдау жоспарланғанымен, қазір оның құрамында 93 жас бар. Бір артықшылығы, бұл бағдарламаға қатысушылар қала көшелерін тазалап, абаттандырып ғана қоймайды, сол еңбегі үшін материалдық ынталандыру шараларымен қамтылады. Жаз бойы олар қала аумағындағы 7 гектар жерді ретке келтірді.

Үйлердің қоршауларын, ағаштар түбін, жол жиектерін ағартты, үй аулаларындағы алаңқайларды қоқыстардан тазартты. Осы істің бастамашысы болып отырған Жастармен жұмыс жөніндегі орталық директоры Айнагүл Абдрахманова биыл „Жасыл ел», бағдарламасына 140 жас өтініш бергенін айтады. Олардың атқаратын жұмысы да айқындалған, „Тұрғын үй инспекциясымен», бірлесіп, тазаланатын аймақтар белгіленген. Шілде айында жастар ескі қалада жұмыс істеді, ал тамызда олар қаланың шығыс бөлігіндегі Калинин көшесін, Құрылысшылар

даңғылын ретке келтірді. Соңғы кездері олар қала әкімдігінің өтініші бойынша Металлургтер даңғылын абаттандырумен айналысуда. Бұл жұмыстары үшін жасыл ел құрамындағы қыз-жігіттерге жергілікті бюджеттен 18 мың, ал республика қазынасынан 15,5 мың теңге көлемінде жалақы төленеді. Атқарылған жұмыстың сапасы жастар орталығымен ПИК-тер басшыларының қадағалауында. Бір айта кетерлігі, қаланың жас жанашырлары жұмысына әзірге ешбір сын болған емес.

Өз тілшімізден

Ұлық мереке

Мінеки, биылғы жылдың үлесіндегі қат-қабат келіп жатқан ұлық мерекелердің бірі - Конституция күні де таяп қалды. Осыған орай қаламызда іс-жаралар жоспары жасалып, дайындық шаралары басталып та кетті. Бұл жөнінде қалалық әкімдіктің кезекті аппарат мәжілісінде Ішкі саясат бөлімінің бастығы Татьяна Куринная хабарлама жасады.

Азаттығымыздың айшықты айғағы

Тәуелсіздік алғалы ширек ғасырға жуық уақыт өтті, осы мерзім ішінде Қазақстан экономикалық-әлеуметтік дамуды бастан кешіріп, барлық салада дамудың бастауы болған реформалар жүзеге асырылды, нәтижесінде жас мемлекетіміз төрткүл әлемге танылып үлгерді. Әріге бармай-ақ, өзіміздің туған қаламыз туралы ай-

нығаюы — Конституцияның арқасында екені мәлім. Оған қоса Конституциямыз мемлекетіміздің әлемнің ең дамыған, бәсекеге қабілетті алдыңғы қатардағы отыздықтан ойып тұрып орын алуына, демократияның, тиімді экономикалық реформалардың қалыптасуына жағдай жасайтын басты нормативтік құжат екені



тар болсақ, тоқсаннан аса ұлт өкілдері бірлік пен келісімді ту етіп, шаһардың дамуына өз үлестерін қосып келеді. Ұлт Көшбасшысы, тұңғыш Президентіміз өзінің «Тарих толқынында» деген кітабында: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», - деп атап айтқан болатын. Мұны айтып отырғанымыз, Ата Заңымыз-бүкіладамзаттық құндылықтар мен өркениеттік игіліктердің барлығын қамтыған. Міне, биылғы жылы Конституциямызға 20 жыл толғалы отыр.

- Мерекелік шаралардың барлығы еліміздегі тұрақтылықтың кепілі болумен қатар заңдардың үстемдігін қамтитын Конституцияның рөлін айшықтауға бағытталады. Жасалған жоспарға сәйкес әртүрлі деңгейдегі 38 іс-шара өткізілетін болады, - дейді Ішкі саясат бөлімінің бастығы Татьяна Михайловна.

Әрине, ол іс-шаралардың қатарында қайырымдылық акциялары, тақырыптық экспозициялар, ауыл шаруашылық жәрмеңкесі, көрмелер, спорттық сайыстар, салтанатты жиындар бар. Ал оған дейін тұрғындар арасында ақпараттық жұмыстар ширатылып, Конституция күнінің маңыздылығын түсіндіру бағытындағы басым бағыттар берілетін болады. Бұл ретте мемлекеттік тапсырыспен жұмыс істейтін бұқаралық ақпарат құралдарының көтерер жүгі ауыр, арнайы айдарлар ашып, Ата заңымыздың рөлі мен маңызына тоқталып, Елбасы „100 нақты қадам-ұлт жоспарында“, алдымызға қойған міндеттердің өзежардылығына басымдық берілмек. Иә, дамудың даңғыл жолына түсіп, экономикалық өрлеуді бастан кешіруі, сонымен қатар халықаралық аренада еліміздің абырой-беделінің

анық.

28 тамыз күні қалалық мәдениет сарайында этно-мәдени бірлестіктердің фестивалі өтіп, үкіметтік емес сектордың әлеуметтік жобаларының жәрмеңкесі

«Конституция (латын-белгілеу, орналастыру) – мемлекеттің негізгі заңы, материалдық мағынада ең алдымен елдегі адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жариялайтын, оларға кепілдік беретін, сол сияқты елдегі әлеуметтік құрылыстың негіздерін, басқару мен мемлекеттік құрылымның нысанын, орталық және жергілікті билік органдарының негіздерін, олардың құзыреті мен өзара қарым-қатынастарын, мемлекеттік рәміздерді және Астананы айқындайтын өкімдік акт, актілердің немесе конституциялық рәсімдердің жиынтығы; нысандық мағынада - барлық басқа заңдарға қатысты жоғары заңи күшке ие заң немесе заңдар тобы. Конституция - конституциялық құрылыстың құндылықтары, институттары мен нормалары, әлеуметтік байланыстар мен мемлекеттік биліктің қатынастарын мемлекеттік - құқықтық реттеу негіздері ресми түрде баянды етілетін ең жоғары құқықтық нысан. Конституция осы заманғы мемлекеттіліктің маңызды белгісі болып табылады».


Қазақстан ұлттық энциклопедиясынан

болады. Сонымен қатар сол күні сағат 16.00-де Ата Заңымыздың 20 жылдығына орай салтанатты жиын мен мерекелік концерт жалғасады. Осы іс-шаралар аясында қаланың құрметті азаматтарын марапаттау, сонымен қатар мерекелік медальдар тапсыру, жасы он алтыға толған жастарға жеке күйлігін беру секілді басқа



да бірқатар шараларға кезек беріледі.

- Аймақ басшысының алдымызға қойып отырған міндеттерінің бірі-әлеуметтік жағынан аз қамтылған тұрғындарды іс-шараларға көптеп тарту мәселесі. Осыған орай қаламызда „Мектепке жол“, республикалық акциясы жал-



Лебіз

Келесі аптада мемлекетіміздің ең ұлық мерекелерінің бірі де бірегейі-Конституция күні аталып өтіледі.

Тәуелсіздіктің теңдессіз тартуы


Ата заңымыз - еліміздің басты құжаты, ол халықтың талқысынан өткен өміршең құжат.Ата-бабаларымыз бұрын «Көптің сөзі-киелі» дегенді тегіннен тегін айта салмағанын осыдан көруге болады. Сондықтан Ата Заңымызды баршамыздың кемел келешегіміздің кепілі деп айтуға толық құқымыз бар, өйткені ол мемлекетіміздің алтын қазығы. Осы Заңымыздың аясында қаншама ұлттар мен ұлыстар бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, Қазақстанның дамуы, гүлденуі жолында еңбек етіп келеді.

Міне, көзді ашып-жұмғанша жиырма жыл да өте шығыпты, биыл ҚР Конституциясына 20 жыл толып отыр. Жаңа Конституцияның қабылдануы Президенттік басқару нысанының ауқымында мемлекет басшысына мемлекеттік билік органдарының үйлесімді қызмет етуін қамтамасыз етуге, қоғамды түпкілікті реформалауға мүмкіндік береді. Көп ұлтты, әрі көп дінді қоғамда азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі - Президенттің болуы өмірлік мәнге ие болды.Биліктің тұрақтылығы реформаларды жүргізудің жоспарлылығын, нақтылығын және саяси сабақтастығын сақтады.

Біз, ардагер металлургтер зейнет жасында болсақ та, қоғамнан қол үзбей, қаламыздың дамуына өз үлесімізді қосып келеміз. Бұл ретте зейнеткерлерден құралған „Магнитка“, ансамблі жөнінде бірауыз сөз айтуға болады. Ең бастысы, жас ұрпақты өз елін сүйетін, Отаны үшін отқа түсетін білімді де тәрбиелі ұрпақ тәрбиесіне осылайша үлес қосуды жөн көрдік. Әншілеріміз әр салада жемісті еңбек етіп зейнетке шыққан өнерлі жандар. Жазғы демалыста болған ұжым Конституция күніне орай жұмысқа кірісіп, Конституцияның 20 жылдығына патриоттық әндерді шырқап, өнерді өрге жүздірумен қатар бейбіт еліміздің абыройын асқақтатуға дайын.

Бірлікбай ОРДАБАЕВ, зейнеткер металлург.

Руза АЛДАШЕВА



Республикалық акция

Өткен жұма күні қаламыздың шығыс бөлігіндегі «Әлем» балалар мен жасөспірімдер сарайына мектеп жасындағы балаларын жетектеп ағылған ата-аналар қарасы көп болды. Мұнда дәстүрлі «Мектепке жол» республикалық акциясының алғашқы іс-шарасы өтті. Оны тұңғыш Президент қоры, «Нұр Отан» партиясының қалалық филиалы, оқу бөлімі және қоғамдық ұйымдар бірлесіп ұйымдастырды. Кең фоездегі келушілерді тіркеуші қыздардың алды бір босаған жоқ. Осыған қарап-ақ «Мектепке жол» акциясының жоғарғы деңгейде ұйымдастырылғанына нық сенімде едік. Келесі бір сәтте ата-аналардың өздерімен де тілдесіп үлгердік.

«Мектепке жол» басталды



– Мен қалалық еңбекпен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің қызметкерімін аты-жөнім Алла Сирица, Данил Барбуха есімді мүгедек балаға әлеуметтік қамқоршымын. Бүгінгі жиынға осы тәрбиеленушімді алып келдім. Оған мектепке баратын қажетті оқу-құралдары сыйға беріледі, деді әлеуметтік қызметкер.

– Сонда бұл баланың ата-анасы жұмыста болар деген сауалымызға, анасы ішіп кеткен, әжесі сырқат, бұған көбіне үйінде атасы қарайды, ал мен аптасына санаулы күн келіп қамқорлық жасайтын әлеуметтік қызметкермін деп мән-жайды түсіндірді. Жалпы жұмыс күні болғандықтан мұнда балалардың бір қатары өздеріне қамқорлық жасайтын әлеуметтік апайларымен келгенін байқадық. Соның бірі Мағрипа Мырзашаева биыл № 2 орта мектептің бірінші қазақ сыныбына оқуға баратын Камилла Дубысова есімді бүдіршінді жетектеп келіпті.

– Бұл баланың туа бітті жүрек ақауы бар еді, отбасының және әлеуметтік қамқорлықтың нәтижесінде денсаулығы жақсарды қазір оқуға баруға дайындалып жүр, бүгін осында арнайы шақыртумен келдік, – деп мән-жайды түсіндірді.

Балалар сарайының кең сахна-



сы әсем безендірілген бақытты балалық шақты бейнелеген суреттер қабырғаның өн бойына ілініпті. Қос хабарлаушы республикалық «Мектепке жол» акциясының тұсауы кесілгенін жеткізгеннен кейін сахнаға бірінші болып ҚР Тұңғыш Президенті қорының қызметкері Гүлнәр Орынбасарқызы Ершіманова шықты.

– Бұл акция елімізде биыл 8-ші рет өткізіліп отыр, барлық елді-мекендерде, аудандар мен қалаларда әлеуметтік жағынан аз қамтылған көп балалы, қаражатқа зәру отбасылардың оқушыларына

сыйлықтар жасау дәстүрін үлкен ықыласпен жалғастырмақпыз, – деген ол еліміздің көк байрағы түстес, іші оқу-құралдарына толы мектеп сөмкелерін тізім бойынша балаларды сахнаға шақырып тапсырды. Олардың арасында Гүлсезім Төлегенова (№ 6 мектеп), Жәлел Сағынбаев (№ 26 мектеп), Валерия Огнева (№ 17 мектеп) және басқа да ондаған бүдіршіндер жүздері жайнап қолдарына салмақты сөмкелерді көтеріп үлкен ризашылықпен рахметтерін жаудырумен болды. Бұдан кейін сахна төріне «Нұр Отан» партиясы Теміртау қалалық

филиалы төрағасының бірінші орынбасары Талғат Қымбатұлы Ақышев шығып «Бақытты балалық» акциясының 2010 жылдан бері қаншама мыңдаған жеткіншекті қуанышқа бөлегенін айта келе ол да тізім бойынша 15-20 балаға біркелкі мектеп сөмкелерін ұсынды. Қалалық оқу бөлімі басшысының орынбасары Татьяна Зорина жаңа оқу жылы басталуға аз қалғанын айтып барша ұстаздар мен оқушылардың бұл күнді асыға күтіп жүргенін жеткізді.

– Мектеп жылдары бұл әр сәбидің өміріндегі үлкен із, ол ешқашан көңілден өшпейді, ұстаз еңбегі өлшеусіз, сондықтан мектепке жол әрдайым бақытты, әрдайым қуанышты жылдардың бастауы дей келе, № 2 орта мектептен Әсел Қыдырәлиева, Мерей Бәшірбаева, № 7 мектептен Вячеслав Никифоров, Марина Маташова, тағы басқа да көптеген жеткіншектерге өз қолымен сыйлықтарды үлестірді.

Бұл акцияны қолдап оған өз үлесін қосып жүрген қоғамдық ұйымдар, кәсіпкерлер, халық қалаулылары, қарапайым қала тұрғындары көп. Келесі болып сахнаға шыққан «Менің үйім» қоғамдық бірлестігінің өкілі Ирина Жданованың:

– Біздің ең басты байлығымыз

бала, ол – келешегіміз, ол – өміріміздің жалғасы сондықтан бар жақсылық балаларға, – деген шынайы сөзі барша жиналғандарды толқитты. Ирина Владимировна өз кезегінде № 14 мектептен Данил Белоконов, Данил Новиков, № 7 мектеп оқушысы Милана Рахметова, № 16 мектепке баратын Каролина Мухарамова тағы басқа ондаған балаға сыйлық тапсырды. Міне осылайша бұл күні қала мектептерінің табалдырығын аттайтын 70 балаға қомақты сый-сияпат тарту етілді. Жиын барысында «Бэби шлягер» ансамблі мен Г.Жұбанова атындағы музыка мектебінің өнерпаздары әуелете ән салып, мың бұрала би билеп ерекше мерекелік көңіл-күй сыйлады. Балалар да, олардың тәрбиешілері мен ата-аналары да бұл қайырымдылық акциясына кезекті іс-шара деп қарамай жүректерінің жылуы мен ыстық ықыластарын төге ұйымдастырғанға риза болды. Ата-аналар атынан № 20 орта мектепте 3 баласы оқитын Татьяна Күрембаева шығып шынайы алғысын жеткізді.

Сонымен қаламызда «Мектепке жол» басталды. Ол әлі де жүздеген оқушыға қуаныш сыйлайтын нұрлы жолға ұласа береді.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА



Әкім тапсырмасы

Жастар-біздің болашағымыз, олардың білімді, саналы, тәрбиелі, мәдениетті жеке тұлға болып өсулері үшін ата-ана да, мектептегі ұстаздар қауымы да бар күшін салатыны анық. Дегенмен, кей ретте бүгінгінің жастарының жүріс-тұрысына көпшіліктің көңілі тола бермейді. Біз бұл пікірді жайдан-жай айтып отырғанымыз жоқ, оның өзіндік себебі де жоқ емес.

– Әрине, ұл ержетіп, қыз бой жетіп, олардың жүрек қалауымен отбасы құрғанына біз қуанамыз, құптаймыз. Дегенмен, үйлену тойында қаланы аралайтын жастардың жүрген жерлері ластанып қалатыны шындық. Олар қалаға кіре берістегі „Теміртау„ деген жазу маңына барғанда да ішкен шампандарының бөтелкелерін лақтырып, сындырып, сондарында қоқыстар қалдырып кете барады. Олардың соңынан кім жинайды? Тұрғындар бұл ретте „қала билігі тазалық жұмыстарына көңіл бөлмейді„ деп, арызданады, – деді қалалық әкімдіктің кезекті аппарат мәжілісінде қала әкімі Ғалым Әшімов.

Тәртіпке бағынған-құл болмайды



Әрине, бұл әр апта сайын қайталанатын көрініс, сондықтан қам-қарекетсіз болмай, жастарды тәртіпке шақырудың жөні бар. Аппарат мәжілісіне қалалық АХАЖ бөлімінің басшысы шақыртылыпты. Үйленуге өтініш берген жастармен сөйлесіп, той салтанатында осындай келеңсіздіктерге орын

бермеулерін ескертуді тапсырды әкім. Ал қала көшелерінде безендірілген көліктермен жүргенде де жолда жүру ережелерін сақтамай, кейде қарсы бағытқа өтіп кетіп жататын жастарды тәртіпке шақыру Ішкі істер басқармасына қатаң тапсырылды.

– Біз өз кезегімізде мұндай іске кірісіп

те кеттік. Өткен сенбі күні заңсыздыққа жол берген екі той көліктері тоқтатылып, терезесінен сыртқа ентелеп айқау-шұға басқандары үшін әкімшілік тәртіпке тартылды. Бұл іс-шара бұдан бұлай тұрақты түрде жалғасатын болады, – деді ІІБ бастығының орынбасары, полиция полковнигі Жангелді Адылханов.

Мұны толықтай құптаған қала әкімі жол бойындағы келеңсіздіктерді реттеуді тапсырды.

– Осы ретте менің қала тұрғындарына айтарым, біз үйлену тойларының шырқын осындай тәртіппен бұзғымыз келмейді, ең бастысы, оқыс оқиғалардың алдын алуға күш саламыз, – деді Ж.Адылханов.

Жолда жүру ережелерін бұзған үйлену тойларында безендірілген көліктер бұдан былай айыппұл тұрағына қойылатын болады. Сонымен қатар қалыңдық пен күйеу жігітті және олардың достарын көліктерімен алып жүргендер, барған жерлері, бәрі бақылауда болатын болады. Сондықтан ата-бабаларымыздың „Тәртіпке бағынған-құл болмайды„ деген даналығын айта отырып, қоғамдық тәртіпті, тазалықты сақтау қажеттігін жас жұбайларға ескертеміз.

Р. ЖАҚЫПҚЫЗЫ



Мерекелік салтанат


Өткен жұма күні қаламызда спорт күніне арналған ауқымды іс-шара болды. Негізгі мерекелік салтанат „Металлург„ стадионының алдындағы спорт аллеясында ұйымдастырылып, онда арнайы сахна орналастырылды. Қызыл кілім төселіп, спорт тақырыбындағы әндер шырқалумен болды. Салтанатты сәттің басталуын асыға күткен жұртшылық пен сала ардагерлері, жас спортшылар мен олардың бапкерлері түгел жиналды. Қаламыздың белгілі әншісі Жанна Хасенова „Чемпиондар әнін„ нақышына келтіре шырқап, мерекелік көңіл-күй сыйлады.



„Спорт - бейбітшілік елшісі, ол адамдарды біріктіреді, халықтар, мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара түсіністік көпірін салады,,,

Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ

лий Сприридов сахна көріне көтеріліп, спорт күнімен жиналғандарды құттықтап, ақ тілегін жеткізді және қала әкімінің құрмет грамотасын бірқатар спортшыларға тапсырды. Мұндай құрметке ие болғандар арасында спорт саласының ардагері Сергей Копустин, және Светлана Ипатова, Руслан Кейримов, Александры Потайчук, Павел Ширяев болды. Мұнан соң облыстағы дене шынықтыру мен спортты дамытуға және насихаттауға қосқан үлесі үшін облыстық спорт басқармасының құрмет грамотасымен Татьяна Шматова ма-



басшылардың көптеген спорт нысандарын салуға мұрындық болғанын тебірене айтты және Теміртаудың жаңадан тағайындалған әкіміне тілек тілеп, бұл саладағы істердің одан әрі қарай дамуына қомақты үлес қосатынына сенімін білдірді. Қала әкімінің алғыс хаттарын тапсыру құрметіне ие болған Болат Бикенұлы одан әрі Ольга

Шынықсаң — шымыр боласың

Барша қазақстандықтар үшін ерік-жігер мен жүректіліктің, сұлулықтың мерекесі болып саналатын спорт күні осылайша басталып, одан әрі құттықтауларға кезек берілді. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев бір сөзінде: „Талант — Жаратқанның сыйы ғана емес, сонымен бірге өзіңнің алдындағы, қоғам мен Отан алдындағы жоғары жауапкершілік те„ деген болатын. Әрине, салауатты өмір салтын ұстанып, шынығып, спортпен бала кезінен достасқан небір та-

алдындағы жауапкершілікті ұғынып, таланттарын ұштап, жаттығып, талай белестерді бағындырып келеді.

Бүгінгі спорт күнінде қала әкімі Ғалым Әшімов құттықтау сөз сөйлеп, барша ардагер және жас спортшыларға, сонымен қатар жаттықтырушыларға алғысын айтып, спорт саласына Елбасының аса көп назар аударатынын тілге тиек етті. Содан соң марапаттау рәсіміне кезек келіп, қоғам өміріне белсене араласып, жаңа Қазақстанды құруға өлшеусіз үлес қосқан спортшылар Лидия Матюшкина мен Лариса

„Спорт нысандарының ең үздік жетекшісі„ аталымында Қайрат Абдуллаев, „Дене тәрбиесі мен спорттың дамуына қосқан үлесі үшін„ аталымында Кеңесхан Басқарбаев бар. Олардың баршасына қала әкімі сыйлығын тапсырып, естелік үшін фотоға түсті.

Өнерімен ел-жұртты тамсандырып жүрген теміртаулық „А Капелла Априори„ әншілері марапатталғандардың құрметіне ән шашу шашып, жұртшылықтың ризашылығына бөленді. Иә, қаламызда спорттың дамуына ерекше көңіл бөлініп, көптеген игілікті іс-шаралар атқарылып келеді. Спорт инфрақұрылымдарын одан әрі кеңейтуге бар күш жұмылдырылып, тұрғындардың жаппай спортпен айналысуына қолайлы мүмкіндіктер жасалуда. Бұл сөзіміздің дәлелі ретінде „Металлург„ стадионы алдындағы спорт алаңын ауыз толтырып айтуға болады. Мұнда спортшылар аллеясы жұртшылықтың назарын аударады, Теміртаудың спортшы ұл-қыздарының есімдері жазылып, оларға жоғары құрмет көрсетілген.



лантты спортшыларымыз тек металлургтер мекенінің ғана емес, сонымен қатар еліміздің даңқын асырып, байрақты бәсекелерде еліміздің көк туын желбіретіп, Қазақстанның абыройын асқақтатып келеді. Осылайша олар Елбасы атап айтқандай, қоғам мен Отан

Ившинаға облыс әкімінің құрмет грамотасын тапсырды. Сондай-ақ жыл сайынғы қала әкімінің алтын белгісімен марапаттады. Олардың қатарында „Оқу ордаларындағы спорт пен дене тәрбиесі пәнінің ең үздік оқытушысы„ аталымы бойынша Марат Жекебаев,



Сонымен қатар түрлі спорт құрылғылары мен жаттығу жасайтын құралдар орнатылған, бұл қала тұрғындарының қалаған уақыттарында тегін шынығулары үшін ойластырған игілік.

Ендігі кезекте қалалық мәслихат хатшысы Васи-

рапатталса, аталған мекеменің алғыс хатына Марина Андреева ие болды. Мұнан соң қаламыздағы спорт ардагері Болат Ғалиев Теміртаудың тарихындағы даңқты спортшылар туралы естеліктерін айтып, кезінде қала мен комбинатты басқарған

Бирюк, Валерий Рем, Юрий Андреади, Наталья Рычко, Алма Өмірбаева сынды спортшыларға жеңістер мен жемістер тілеп, алғыс хаттарды тапсырды.

Қаламыздың спорт саласына басшылық жасап келе жатқан Дәурен Есімханов та құттықтау сөз сөйлеп, осы күнге арнайы жасалған сый- „Теміртауға 70 жыл„ деген жазуы бар үлкен билбордты ашу үшін қала әкімі Ғалым Әшімов пен мәслихат хатшысы Василий Свиридовты және спорт ардагері Болат Ғалиевті шақырып, жиналған жұрттың қошеметімен салтанатты ашылу рәсімін жасады.


Осылайша, спорт күніне арналған шара соңы әсем әуенге ұласып, өз мәресіне жетті.

Руза АЛДАШЕВА



**Спорт — көркі өмірдің,
Спорт — досың, серігің.
Жаттықсаң шымыр боласың,
Шынығып, өсіп, толарсың.**





Жаңа оқу жылына дайындық

Қалалық әкімдіктің аппарат мәжілісінде жаңа оқу жылына әзірлік барысы туралы есепті хабарлама жасаған білім бөлімінің басшысы Бақшағұл Рахимова:

– Қалада 2226 ұстаз жұмыс істейді, олар әр жыл сайын өздерінің кәсіби біліктілігін арттыратын курстардан өтеді. Жаңа оқу жылында қала мектептеріне 30 жас маман



қабылдау жоспарланып отыр, сонда кадрлар толық, яғни жүз пайыз қамтамасыз етіледі.

– Сапалы білім берудің негізгі өлшемдері әрбір оқу орнында қажетті заманауи жағдай туғызу болып табылады. Мектептер үшін бастысы-оқулықтар. Бүгінгі таңда 56021,0 мың теңгеге 50006 дана кітаптар сатып алынды, оның ішінде 3,10 сыныптар үшін барлық оқулықтар, 2-сыныптың ағылшын тілі және 6 сыныптың информатика пәні оқулықтары толық бар. Қаламыздағы оқу орындары тегін оқулықпен қамтуды кезең-кезеңімен жүзеге асыруда. Өткен оқу жылында 1,2,3,9,10 сыныптар мектеп кітапхана қорынан барлық оқулықтармен толық қамтамасыз етілген еді. Сондай-ақ жыл сайын әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар тегін кітаптармен қамтылып келеді. Былтар 20001000 теңгеге 175 компьютер алынды, қазіргі уақытта бір компьютерге 5,8 оқушыдан келеді. Барлық оқу орпандары кең жолақты интернетке қосылған., 40 пайызы жоғарғы технологиялық бағыттарға ие. 18 мектепке бейне бақылау орнатылып, оған 173,0 мың теңге жұмсалды. Қауіпсіздік шаралары үшін өрт сөндіру гидранттары орнатылып, өрт сөндіру құралдары жаңартылды. Мектептердің ағаш құрылғылары өңделді, №12 мектеп жанына 8840,0 мың теңгеге көп салалы қорт қойылды. Бұл біздің қаладағы осындай жабдыққа ие болған оныншы

Қалалық әкімдікте

Теміртау қаласының білім беру жүйесіне 60 мемлекеттік және мемлекеттік емес білім беру ұйымдары қарайды, оның ішінде 22-сі мектеп жасына дейінгі тәрбие, 32-сі орта білім, 5 мекеме қосымша білім, ал 6-ы толық күн жұмыс істейтін шағын орталықтар. Енді аз күнде жаңа – 2015-2016 оқу жылы басталады. Биыл 21 мың бала мектеп табалдырығын аттайды деп күтілуде. Ал 5660 бүлдіршін бала бақшаға барады. Бүгінгі таңда барлық білім беру және тәрбие ошақтары жаңа оқу жылына сақадай сай. Үстіміздегі жылы саланы қаржыландыру үшін 4268203 мың теңге бөлінді, бұл өткен жылғыдан 17,6 пайыз аз. Сондықтан бюджет қаражаты бірінші кезектегі қажеттіліктерге ғана жұмсалды.



мектеп. Биылғы жазда екі білім беру орны 235020,0 мың теңге қаражатқа күрделі жөндеуден өткізілді. Осылайша соңғы бес жылда барлық білім беру орындарының 86,5 пайызы жаңаланды. Мектепке қажетті шаруашылық құрал-жабдықтарын алуға 41113,0 мың теңге жұмсалды,-деген білім беру бөлімі басшысы балалар мен

тылып, алдағы жылға міндеттер белгіленді. 2015 жылғы ҰБТ-ға қала мектептерін бітірушілерінің 56 пайызы қатысты, орташа бал 82. 11 түлек «Алтын белгі» және үздік аттестатқа ие болды. Қала бойынша екі оқушы ең жоғары 117 балл жинады, олар №20 мектеп лицейі мен №24 мектеп түлектері. Сондай-ақ №15 қазақ мектеп-гимназиясы, №5 қазақ мектебі, Т.Әубәкіров атындағы гимназия, №1 гимназия жыл сайын үздік көрсеткіштерге қол жеткізіп келеді. Бұл әрине, ұстаздардың, ата-аналардың және балалардың білімді терең игеруге деген ұжымдық жұмысының жемісі. Тамыз конференциясында қаланың ең үздік ұстаздары облыс және қала әкімдерінің, ҚР Білім және ғылым министрлігінің мақтау грамоталарына, ақшалай сыйлықтарына ие болды, 2012 жылдан бастап білім беру саласының үздіктері үшін Теміртау қаласының әкімі арнайы белгі тағайындап келеді. Биыл да ең үздік педагогтар мерейі үстем болды. Олар облыстық білім беру басқармасының грамотасымен марапатталған №5 мектеп мұғалімі Шынар Аркомова, Ғ.Жұбанова атындағы өнер мектебінен Марина Закусаева, алғыс хатқа ие болған Бірінші Теміртау классикалық лицейінің мұғалімі Юлия Журавлева, №24 мектептен Вера Никулина және №27 мектеп мұғалімі Зәуре Тұңғышбаева.

Қала ұстаздарының оқу жылы алдындағы ең маңызды басқосуына қала әкімі Ғалым Әшімов қатысып, ұстаздар алдында тұрған маңызды міндеттерді тағы бір рет атап көрсетті:

– Конференция – бұл жаңа оқу жылы алдындағы маңызды мәре, білім беру саласы еліміздегі ең жетекші сала, сондықтан біріншіден бастап он бірінші сыныпқа дейін оқытатын, білім беретін, үлкен өмірге дайындайтын ұстаздарға жүктелетін міндет аса күрделі. Әр адам өзінің өмірін қалай өткізеді, еңбек жолын қалай бастайды, міне, мұның бәрі осы мектептен алған білім, ілімге байланысты. Бұл ретте мұғалімдерге жүктелетін міндет өте қомақты, сондықтан да ұстаз еңбегі өте абыройлы. Мен өзім де оқушы болдым, сондықтан мұғалім еңбегінің күрделі екенін жақсы түсінемін. Барша ұстаздарға мықты денсаулық, ең бастысы шыдамдылық пен төзімділік тілеймін, – деді қала әкімі.

Әкімдіктің кезекті аппарат мәжілісінде қала әкімі Ғалым Әшімов оқу процесіне және балалардың мектепте болған кезіндегі тамақтануына мұқият қарау қажеттігіне назар аударды. Ең алдымен мектеп асханаларында жұмыс істейтін кәсіпкерлер бірінші кезекте балалардың денсаулығын сақтауға мүдделі болуы керек, ал мұны мектеп басшылары, арнайы мамандар үнемі бақылауда ұстауға тиіс. Өйткені, бала-біздің болашағымыз, сондықтан оқушылардың денсаулығы ата-аналар үшін де, ұстаздар үшін де тым қымбат.

Өз тілшіміден

Ел жаңалығы

Мемлекеттік хатшы білім саласының қызметкерлерімен кездесті

Мемлекеттік хатшы Гүлшара Әбдіқалықова елдің білім беру жүйесінің қызметкерлерімен кездесті.

Кездесуге Білім және ғылым министрі А.Сәрінжіпов, сондай-ақ ауыл мұғалімдері, жаңашыл педагогтар, педагогикалық және ғылыми мекемелердің басшылары қатысты.

Шара барысында Гүлшара Әбдіқалықова қатысушылардың назарын Нұрсұлтан Назарбаевтың «бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек» деген сөзіне аударды. Сонымен қатар, ол адами капиталдың сапасын Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің стандарттары негізінде арттыру білім беру жүйесін жаңғыртудың «100 нақты қадам» – Ұлт жоспары аясындағы осы кезеңінің басты ерекшелігі екеніне тоқталды.

Биыл білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының бірінші кезеңін іске асыру аяқталады. Осы уақыт ішінде бастауыш білім берудің жалпыға міндетті мемлекеттік стандарты қабылданды, мектепке дейінгі, жалпы орта білім беру стандарттарының жобалары әзірленді, педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттырудың түбегейлі жаңа жүйесі құрылды.

Мектепке дейінгі білім беру жүйесі табысты дамып келеді. Қазіргі уақытта елімізде 8780 мектепке дейінгі мекеме жұмыс істейді, ал 3-6 жас аралығындағы балалардың қамтылуы 78,6 пайызға дейін жетті.

Еліміздің барлық өңірлерінде балаларды оқытудың және тәрбие берудің жаңашыл инновациялық тәсілдерін табысты енгізіп келе жатқан 19 Назарбаев зияткерлік мектебі құрылып, жұмыс істеуде.

Жалпы және кәсіби техникалық білім беру жүйесінде дуалдық оқытудың жаңа технологиялары енгізілуде. «100 нақты қадамды» іске асыру аясында экономиканың негізгі 6 саласы үшін білікті кадрлар даярлау мақсатында 10 колледж белгіленді.

Республикамызда 125 жоғары оқу орны жұмыс істейді, соның 29-ы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің 252 мамандығы бойынша Халықаралық мамандандырылған аккредитациядан өтті.

Кездесу кезінде Мемлекет басшысы ұсынған Бес институционалдық реформаның аясындағы, сондай-ақ педагогтардың мәртебесін көтеруге, ауыл мектептерінің, техникалық білім беру мекемелерінің, ғылыми және педагогикалық ұйымдардың жұмыстарына байланысты өзекті мәселелер талқыланды.

Талқылау нәтижесі бойынша Мемлекеттік хатшы құзырлы мемлекеттік органдарға бірқатар нақты тапсырма берді.

Кездесу соңында, Г.Әбдіқалықова елдегі барша педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтап, оларға зор денсаулық, шығармашылық табыс, бақыт және игілік тіледі.

Айдар ӨРІСБАЕВ

Қарағанды облысы Теміртау қаласы әкімдігінің
2015 жылғы 23 шілдедегі № 29/9 қаулысы

Қарағанды облысы әділет департаментінде 2015 жылғы 12 та-мызда № 3367 болып тіркелген

Мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесін, сондай – ақ жеңілдіктер мөлшерін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 48-бабына сәйкес және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару

және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37-баптарын басшылыққа ала отырып Теміртау қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру- сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарт-тармен пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай – ақ жеңілдіктер мөлшері бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Шолпан Мұхитқызы Мырзақасымоваға жүктелсін.
3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Н. СҰЛТАНОВ

Постановление акимата
города Темиртау
Карагандинской
области
от 29 июля 2015 года
№ 29/9

Зарегистрировано Департаментом юстиции Карагандинской области
12 августа 2015 года № 3367

Об утверждении перечня категорий
граждан, пользующихся физкультурно-
оздоровительными услугами бесплатно
или на льготных условиях, за
исключениеминвалидов, а также размеров
льгот

В соответствии со статьей 48 Закона Республики Казахстан от 3 июля 2014 года «О физической культуре и спорте» и, руковод-ствуясь статьями 31, 37 Закона Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и са-моуправлении в Республике Казахстан», акимат города Темиртау ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Утвердить прилагаемый Перечень категорий граждан, поль-зующихся физкультурно-оздоровительными услугами бесплатно или на льготных условиях, за исключением инвалидов, а также размер льгот.
2. Контроль за исполнением настоящего постановления воз-ложить на заместителя акима города Темиртау Мырзахасимову Шолпан Мухитовну.
3. Настоящее постановление вводится в действие по истече-нии десяти календарных дней после дня его первого официаь-ного опубликования.

Аким города

Н. СУЛТАНОВ



Әкім тапсырмасы

Сейсенбі күнгі қала әкімінің кезекті аппарат мәжілісінде бірқатар мемлекетттік мекемелер басшыларына қала тазалығына байланысты тапсырмалар берілді. Атап айтар болсақ, шаһар әкімі Ғалым Әшімов көшелердің абаттануы-на, қоғамдық көліктерге арналған аялдамалар маңындағы тазалыққа, сонымен қатар трамвай жолдарының күтіміне біраз сын-ескертпелер айтып, ортақ міндет үдесінен шығу үшін қажетті жұмыстардың жұмылдырылуын талап етті.

Қала тазалығы басты назарда

Расында, қаланың бірқатар орталық көшелерінде „Оқжетпес,, ЖШС мен „Қазақтелеком,, мекемелеріне тиісті желілер мен кәріз құдықтарының какпактарының ұрлануы күні бүгінге дейін тиылмай келеді. Бұл ретте „Оқжетпес,, ЖШС басшысы Ю.Кусиди арнайы топ құрып, бәрін зерттеуге кіріскенін айтты және бұл іс орталық көшелерден басталып, соңынан ішкі орам жолдарына дейін жетеді.

Қала тұрғындары көше бойларында құбырлар желісіне жөндеу жүргізіп, соңынан тегіс жолдың ойпаң-тойпанын шығарып кететін мекемелерге қатысты біраздан бері сын айтумен келеді. Осындай жұмыстардан соң күні кеше ғана тақтайдай тегістелген жолдардың ой-шұқыры көбейіп, көлік жүргізушілері үшін де, жаяу жүргіншілер үшін де ынғайсыздық тудыратыны анық, ең бастысы қыруар қаржы жұмсалып, жөнделген жол көпке бармай, қолдан тоз-тоз болады. Осыған орай қала әкімі Ғ.Әшімов желілерге жөндеу жұмыстары жүргізілген соң, оның орны талапқа сай қалыпқа келтірілуі тиіс екендігін қадап тапсырды.

Өз тілшімізден

Теміртау қаласы әкімдігінің 2015 ж. « 23 » шілде № 29/9 қаулысымен бекітілген

Мүгедектерді қоспағанда, дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті шарттармен пайдаланатын аза-матттар санаттарының тізбесі, сондай – ақ жеңілдіктер мөлшері

№	Азаматтар санаттары	Жеңілдіктер мөлшері
1	7 жасқа дейінгі балалар	Тегін
2	Көп балалы отбасындағы оқушы-балалар	Тегін
3	Балалар үйіндегі оқушы-балалар	Тегін
4	Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл еңбеккерлері	Тегін
5	Спорт ардагерлері (35 жас және жоғары, «Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы (КСРО) еңбек сіңірген спорт шебері», «КСРО еңбек сіңірген жаттықтырушысы», «Қазақстан Республикасы (ҚР) еңбек сіңірген спорт шебері», «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атақтары барлар)	Тегін
6	Спорт ардагерлері (35 жас және жоғары, «КСРО халықаралық дәрежедегі спорт шебері», «ҚР халықаралық дәрежедегі спорт шебері» атақтары барлар)	Спорт және дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерінің құнынан 50% жеңілдік
7	Спорт ардагерлері (35 жас және жоғары, «КСРО спорт шебері», «ҚР спорт шебері» атақтары барлар)	Спорт және дене шынықтыру -сауықтыру қызметтерінің құнынан 30% жеңілдік
8	Оқушылар	Спорт және дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерінің құнынан 50% жеңілдік
9	Студенттер	Спорт және дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерінің құнынан 50% жеңілдік
10	Зейнеткерлер	Спорт және дене шынықтыру - сауықтыру қызметтерінің құнынан 50% жеңілдік

* Ескерту: бұл тізім мемлекеттік дене шынықтыру - сауықтандыру және спорт нысанда-рында қолданылады.

Утвержден постановлением акима-та города Темиртау от « 23 » июля 2015 года № 29/9

Перечень категорий граждан, пользующихся физкультурно-оздоровительными услугами бесплатно или на льготных условиях, за исключением инвалидов, а также размеры льгот

№ п/п	Категории граждан	Размеры льгот
1	Дети до 7 лет	Бесплатно
2	Дети – школьники из многодетных семей	Бесплатно
3	Дети школьники из детских домов	Бесплатно
4	Ветераны Великой Отечественной войны, труженики тыла	Бесплатно
5	Спортсмены ветераны (в возрасте 35 лет и старше, имеющие почетные звания «Заслуженный мастер спорта Союз Совет-ских Социалистических Республик (СССР)», «Заслуженный тренер СССР», «Заслуженный мастер спорта Республики Казахстан (РК)», «Заслуженный тренер РК»)	Бесплатно
6	Спортсмены ветераны (в возрасте 35 лет и старше, имеющие спортивные звания «Мастер спорта международного класса СССР», «Мастер спорта международного класса РК»)	Льготы в размере 50 % от стоимости оказываемых спортивных и физ-культурно-оздоровительных услуг
7	Спортсмены ветераны (в возрасте 35 лет и старше, имеющие спортивные звания «Мастер спорта СССР», «Мастер спорта РК»)	Льготы в размере 30 % от стоимости оказываемых спортивных и физ-культурно-оздоровительных услуг
8	Школьники	Льготы в размере 50 % от стоимости оказываемых спортивных и физ-культурно-оздоровительных услуг
9	Студенты	Льготы в размере 50 % от стоимости оказываемых спортивных и физ-культурно-оздоровительных услуг
10	Пенсионеры	Льготы в размере 50 % от стоимости оказываемых спортивных и физ-культурно-оздоровительных услуг

*Примечание: данный перечень распространяется на государственные физкультурно-оздоро-вительные и спортивные сооружения.

24 тамыз - 30 тамыз

24 тамыз, дүйсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
08.00,09.30,12.30,17.30,20.30,00.00
Жаңалықтар
10.00 Мультсериал
10.50,21.05 Айтуға оңай
11.45,19.30 Телесериал
12.45 Еңбек түбі - береке
12.45,01.40 Дауа
13.20 Білгірлер бәйгесі
14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Телесериал
16.50 Дзюдо
20.05,00.10 Тарих толқынында
00.50 Футбол

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.10 Ду-думан
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.10,00.55 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
12.25,12.35 Мультсериал
13.10 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.10 Бұйымтай
16.00 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 Док. фильм
18.10 Телесериал
19.00 ТВ Бинго
20.30,01.25 Арнайы хабар
21.30 Телесериал
22.20 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. фильм
13.00 Телесериал
13.50 Ашығын айтқанда
14.40,22.20 Телесериал
15.40 Судебные истории
16.45 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.40 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30-09.30 «Таңертеңгілік «5-арнада»
06.40,07.10,08.45 «Дәмдес болайық»
07.00 Апта репортажы
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.15 Наши дети
08.20 Время творить
13.30 Азия айнасы
14.45 Жақсылардан ғибрат
15.05,02.30 Деректі фильм
15.50 Док. фильм
16.05 Диалоги о животных
17.10 Сам себе режиссер
18.10 5 арнадағы ән-өуен
19.00 Ваш день
19.35,21.40 Шарайна
20.00,22.00 Новости
20.40 Вести-Россия
21.25 Военная программа
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00 Апта
08.50 Телесериал
11.05 Бумеранг
11.40 Күлегеш
12.00 Телесериал
13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар-Новости
18.30 100 шагов
19.00 Ойталқы
19.35 Ғибрат
20.00 Қорытынды жаңалықтар
20.45,22.45 Уақыт. Кз
21.10 Телесериал
23.10 Кино

25 тамыз, сейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

07.00 «Таңшолпан»
08.00,09.30,17.30,20.30,00.00,03.00
Жаңалықтар
10.00,21.50 Арман асуы
10.55,21.05 Айтуға оңай...
11.40,19.30 Телесериал
12.45 Спорт
13.10 Т.Молдағалиевтің сөзіне жазылған
өндер
14.25,14.50 Мультсериал
15.05 Әйел бақыты
16.10,22.40 Телесериал
16.50 Дзюдо
20.05,00.55 Қылмыс пен жаза
00.15 Өзекжарды
01.00 Келбет
01.30 Тарих толқынында
01.55 Сыр-сұхбат
02.25 Журналисттік зерттеу

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,23.30,01.00
Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.00 Новости
11.15,00.05 Драма
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
12.25,12.35 Мультсериал
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.20 «Бұйымтай»
15.55 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 «Экономкласс»
18.15 Телесериал
19.00 Біздің үй
20.30 Бюро расследований
22.15 Телесериал
23.10 Жекпе-жек

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
13.50,02.20 Ашығын айтқанда
14.40,22.20 Телесериал
15.40 «Наша война»
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
23.50 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30 Таңертеңгілік «5-арнада»
06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,19.30,21.40 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
07.50,14.35,18.00,22.40 Рекламный визит
08.00,13.00 Новости
08.30 «Наши дети»
14.15,17.45 Азия айнасы
14.35 «Прямой эфир»
16.10 Телесериал
17.10 Шырмауық
19.00 Ваш день
21.05 Док. сериал
22.50 Концерт
01.00 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,20.00,22.00
Жаңалықтар-Новости
07.55,13.20 Әсем әуен
08.50 Телесериал
09.45 Мультфильм
10.45,20.45,22.45 Уақыт.kz
11.10 «Обсудим»
11.40 Ғибрат
12.00 Телесериал
18.30 Это наша с тобой биография
18.50 Мәңгілік мұра
19.00 «Эхо»
19.30 Дін мен дәстүр
21.00 Телесериал
23.10 Кино

26 тамыз, сәрсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

08.00 «Таңшолпан»
08.00,09.30,12.30,17.30,20.30,00.00,03.00
Жаңалықтар
10.00 Арман асуы
10.50,21.05 Айтуға оңай...
11.35,19.30 Телесериал
12.45 Қылмыс пен жаза
14.00 Поэзия әлемі
13.40 Ғасырлар үні
14.25 Мультфильм
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Телесериал
17.00 Док. фильм
17.50,00.35 Өзекжарды
18.10 Телесериал
19.05 «Қазақ хандығының 550 жылдығы»
02.30 Телесериал

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00,01.30
Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,00.35 Драма
11.45 Магия кухни
12.25 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,23.50 «Бұйымтай»
16.00 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 Док. фильм
18.15 Телесериал
19.15,23.10 Біздің үй
20.30 Мерейлі отбасы
22.00 Телесериал

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. Фильм
13.00,20.40 Телесериал
13.50 Ашығын айтқанда
14.40 Телесериал
15.40 «Наша война»
16.55 Давай поженимся!
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
20.00 Новости
23.45 Телесериал

5 КАНАЛ

06.30,20.40 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35 Дәмдес болайық
08.00,13.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.15 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Азия айнасы
17.45 Моя Караганда
19.00 Ваш день
21.05 Док. фильм
22.50 Худ. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00
Жаңалықтар-Новости
08.55 Док. фильм
09.45 Мультфильм
10.45 Уақыт.кз
11.05 «Эхо»
11.35 Дін мен дәстүр
12.00 Телесериал
18.30 Это наша с тобой биография
19.00 Тікелей эфир
19.35 100 шагов
21.00 Телесериал
23.00 Кино

27 тамыз, бейсенбі

 ҚАЗАҚСТАН

08.00 «Таңшолпан»
08.00,09.30,12.30,17.30,20.30,00.00,03.00
Жаңалықтар
10.00,21.50 Телесериал
10.50,21.05 Айтуға оңай...
11.35,19.35 Телесериал
12.45 Агробизнес
13.10 «Қазақ хандығының 550 жылдығы»
13.35,01.15 Шетелдегі қазақ балалары
14.10 Жан жылуы
14.25,14.50 Мультсериал
15.05 «Әйел бақыты»
16.10,22.40 Телесериал
17.00,02.05 Док. фильм
17.50,02.45 Өзекжарды
20.35 Футбол
00.30 Индустрияландыру
01.35 Док. фильм

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.30 Аймақтар алааманы
10.00,13.00,17.00,20.00,00.00 Жаңалықтар
10.10,21.30 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,00.30 Новости
11.15,20.30 Мерейлі отбасы
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
14.00 Телесериал
15.15,00.00 Бұйымтай
16.00 Драма
16.30 Телесериал
17.15 Көзқарас
17.45 Док. фильм
18.15 Телесериал
19.10 Жекпе-жек
21.30 Телесериал
22.10 Телесериал
23.00 Біздің үй
01.45 Кино

ЕУРАЗИЯ

06.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. Фильм
12.55,20.40 Телесериал
13.45 Ашығын айтқанда
14.40,22.20 Телесериал
15.40 Наша война
16.40 Давай поженимся
17.50 Пусть говорят
18.55 Телесериал
23.45 Телесериал
03.30 Контрольная закупка

5 КАНАЛ

06.30,20.30 Вести-Россия
07.00 Шарайна
07.35 «Дәмдес болайық»
08.00,13.00,20.00,22.00 Новости
14.00,02.30 Деректі фильм
14.35 Прямой эфир
15.50 «Жақсылардан ғибрат»
15.35 Телесериал
17.00 Менің шындығым
17.45 Азия айнасы
19.00 Ваш день
21.05 Кино
22.40 Худ. Фильм
00.25 Әуенді Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.00,13.00,17.50,20.00,22.00
Жаңалықтар-Новости
08.55 Док. фильм
11.05 Прямой эфир
11.40 100 шагов
12.00 Телесериал
18.30 «ДАТ»
19.00 Ас болсын!
19.35 Бейнеқордан
21.00 Телесериал
23.10 Кино

24 тамыз - 30 тамыз

28 тамыз, жұма

ҚАЗАҚСТАН

08.00 «Таңшолпан»
08.00,21.30,17.30,20.30,00.00,03.00

Жаңалықтар
10.00 Концерт
10.55 Айтуға оңай...
11.40,19.35 Телесериал
12.40 Иман айнасы
13.05 Индустрияландыру
14.10 Баламен бетпе-бет
13.55 Жүзден жүйрік
15.05 Әйел бақыты
16.10,22.40 Телесериал
17.05 Жан жылуы
17.25,00.35 Әзекжарды
18.10 Ғасырлар үні
19.00 Менің Қазақстаным
19.30 Телесериал
21.50 Шын жүректен!
00.35 Худ. фильм

ХАБАР

07.00 Айтұмар
08.00 Жаңа күн
10.00,13.00,17.00,20.00,01.00,02.30
Жаңалықтар
10.10 Телесериал
11.00,15.00,18.00,21.00,01.30 Новости
11.10,20.30 Мерейлі отбасы
11.45 Магия кухни
12.20 Подари детям жизнь
13.15 Док. фильм
13.55 Телесериал
15.15 «Бұйымтай»
16.00 Драма
18.30 Ұлт саулығы
17.15 Бармысың, бауырым?
18.15 Телесериал
19.05 Орталық хабар
21.30 Худ. Фильм
23.20 Кино

ЕУРАЗИЯ

06.00,19.00 Телесериал
06.50 Жаңалықтар
07.00 Доброе утро
11.00 Телесериал
12.00 Худ. Фильм
13.00,20.40 Телесериал
13.50,20.40 Телесериал
14.40 Жұма уағызы
14.50 «Қылмыстық іс №»
15.40 Худ. фильм
17.40 «Жди меня»
18.50 Поле чудес
23.55 Кино

5 КАНАЛ

06.30,20.55 Вести-Россия
07.00,10.00,19.35,21.35 Шарайна
07.35,08.40 Дәмдес болайық
08.00,20.00,22.00 Новости
08.30 Наши дети
08.35 Время творить
14.00 Эколайф
14.35 Прямой эфир
16.10 Телесериал
17.00 Жастар
17.30 Ғажайып адам
18.10 Ислам: Сауалдар мен жауаптар
19.00 Ваш день
20.40 Моя караганда
21.25 Все о государственных доходах
22.50 Док. фильм
23.50 В ритме нашего города
00.10 Әуенді Қазақстан + TV – ЧАТ

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

07.00,10.00,13.00,17.50,22.00 Жаңалықтар
08.50 Телесериал
11.05 Ас болсын!
11.40 «ДАТ»
12.00 Телесериал
18.30 Это наша с тобой биография
19.00 Қуырмаш
19.35 Шеберхана
21.00 Телесериал
23.25 Кино

29 тамыз, сенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.10 Қымызхана
08.35 Агробизнес
09.00 «Субботалық ТАҢ»
10.05,02.30 Дауа
10.05 Мультфильм
11.50 Ұлттық шоу
13.00 Білгірлер бәйгесі
14.15,00.50 Худ. Фильм
16.10 Док. фильм
16.30 Дзюдо
17.30,20.30,00.30,03.15 Жаңалықтар
21.00 Субботалық кездесу
22.35 Жайдарман

ХАБАР

07.05 Қалжың қоржыны
09.00 Бармысың, бауырым!
09.45 Продвопрос
10.00 Ұлт саулығы
10.20,20.30 Мерейлі отбасы
12.15 Сказка
13.15 Концерт
13.55 Орталық Хабар
14.50 Жұлдызды дода
17.10 Худ. Фильм
18.10 Концерт
19.20 Бенефис шоу
21.05 «Жеті күн»
22.00 Худ. Фильм
23.45 Телесериал
01.45 Худ. Фильм

ЕУРАЗИЯ

06.00 Худ. Фильм
07.30 Контрольная закупка
08.00 Таңғы пошта
08.50,21.30 Жаңалықтар
09.00 Новости
09.10 Смак
09.45 Худ. Фильм
11.40 Фабрика грез
12.05,01.45 Ду қол шоколад
13.00 Караоке такси
13.30, 101 кеңес
14.50 Угадай мелодию
15.45 Смотрим вместе!
16.55 Телесериал
20.00 Первая программа
20.35 Кино
21.30 Кешкі кездесу
23.30 Ән-дария
00.15 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.05 Шарайна
11.00 Моя караганда
11.15 Азия айнасы
11.40 «Нольден бастап»
11.55 Ислам: сауалдар мен жауаптар
12.30 Қазақ тілін үйренейік
13.00 Мусульмане
13.15, 18.20, 22.40 Рекламный визит
13.25 Субботник
14.00 «Будем здоровы»
14.20 Кино
15.00 Док. фильм
16.00 Субботний вечер
18.30 5-арнадағы ән-әуен
19.00 Ваш день
19.30 Городок
20.00 Апта репортажы
20.20,22.30 Худ. фильм
23.45 Әуенді Қазақстан
02.30 Док. фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

09.00 Әсем әуен
10.00,13.00 Жаңалықтар-Новости
11.10 Сіз қайда жүрсіз?
14.00 Концерт
16.00 Худ. Фильм
18.00 Бумеранг
18.35 Это наша с тобой биография
19.00 Жаңғырық
19.30 ДАТ
19.50 Мәңгілік мұра
20.00 Жайдарман Қарағанды
21.00 Парасат
21.20 Док. сериал
00.05 Кино

30 тамыз, жексенбі

ҚАЗАҚСТАН

07.00 Концерт
08.30 Қымызхана
09.00 Ақсауыт
09.30 Бүгін воскресенье
11.50 Баламен бетпе-бет
12.20 Айтыстан үзінді
12.55 Док. фильм
13.30 Жарқын бейне
14.00,00.20 Драма
16.30 Дзюдо
20.30, 00.00 АПТА.KZ
21.00 Әзіл әлемі
23.20 Концерт
02.40 Док. фильм

ХАБАР

07.00 Қалжың қоржыны
08.30 Айбын
09.35 Ас арқау
10.05 Мерейлі отбасы
11.15 Худ. фильм
12.15 Кино
13.30 Концерт
14.25 Бенефис-шоу
15.35 Кино
16.50 Бұйымтай
17.35 Концерт
19.50 Ду-думан
21.00 Жеті күн
22.00 Худ. Фильм
00.00 Кино
01.15 Телесериал
01.55 Худ. фильм

ЕУРАЗИЯ


06.00 Жаңалықтар
06.30 Телесериал
08.35 Жаңалықтар
08.45 «Воскресные беседы»
09.00 Новости
09.10 Здоровье
10.10 «Казлото»
10.45 Кино
11.55 «Кешкі кездесу»
13.05 Караоке такси
13.40,03.15 101 кеңес
14.05 «Ән дария»
15.05 Кино
17.00 Худ. Фильм
21.00 Кино
22.45 Худ. Фильм

5 КАНАЛ

10.00 Шарайна
10.20 Моя караганда
10.35 Жақсылардан ғибрат
10.55 Азия айнасы
11.35 Время творить
12.00 Утренняя почта
12.30, 17.30, 22.20 Рекламный Визит
12.40 Сто к одному
13.30 Док. сериал
16.10 Планета собак
17.00 Мир православной духовности
17.40, 21.55 Прогноз погоды
17.45 «Сайгез»
18.15 5-арнадағы ән-әуен + TV-ЧАТ
19.00 Ваш день
19.30 Честный детектив
20.00 Худ. Фильм
21.50 Худ. фильм
23.50 «Әуенді Қазақстан» +TV-ЧАТ
02.30 Деректі фильм

ҚАЗАҚСТАН-ҚАРАҒАНДЫ

10.10 Мультфильм
11.20 Жайдарман Қарағанды
12.20 Концерт
13.25 Док. Фильм
14.05 Концерт
16.00 Худ. Фильм
18.00 Ас болсын!
18.35 Это наша с тобой биография
19.00 Апта
20.00 Сто тысяч Я
20.40 Док. фильм
21.00 Ойталқы
21.40 Достық мекені
22.15 Худ. фильм



101 хабарлайды

Ортақ міндет

„Өрт-тілсіз жау,, деп бекер айтылмағаны мәлім, күтпеген жерден орын алатын мұндай оқиғалар күнделікті тыныс-тіршілігімізде жиі кездеседі. Олардың себептері де сан-алуан, кейде өрт электр сымдарының тұйықталуынан орын алса, өкінішке орай көп ретте тұрғындардың салғырттығы салдарынан орын алады. Мас күйінде темекі тұқылын сөндірмей төсекте ұйқыға кеткен жандар баспаналары мен мүліктерін, ең бастысы өз өмірлерін қатерге тігіп, өртке жол беруін тияр емес. Сондықтан тұрғындар қандай жағдай болмасын өрттен сақтану ережелеріне ерекше мән беріп, сақтық шараларын жасаулары тиіс.

Енді сөз реті келгенде қаламызда орын алған оқиғалар легіне кезек берейік, 10-18 тамыз аралығында бірқатар өрт оқиғалары тіркелді, соның бірі 11 тамыз күні таңғы сағат 06.23 минутта „Смак,, кафесінің жанындағы шашлық дайындайтын жерде болды. Өрт сөндірушілер дереу жетіп, отқа оранған есік-терезелердің ағаш жақтауларын және басқа да тұтанған мүліктерді сөндірді. Өрттің жалпы аумағы 8 шаршы метр, зардап шеккендер жок. Тексеріс нәтижесі электр құрылғыны іске қосқанда ақауға жол берілгендігін анықтады. Осы күні сағат 09.55 минутта №16 мектеп жанындағы ағаш қалдықтары мен шөптер, коқыстар жанып, оны да өрт сөндірушілер дер кезінде ауыздықтады.


12 тамыз күні таңертеңгі сағат 10-нан 43 минут өткенде Ақтау кентінің 8 орамындағы №36 үйдің бір пәтерінде өрт шыққандығы туралы хабар түсті. Мұнда бірінші қабаттағы бір бөлмелі пәтердің ішіндегі заттар мен мүліктер жанған, белгісіз біреудің отты дұрыс пайдаланбағанының салдарынан 1,5 шаршы метр жерді өрт шалған.

Соңғы кездері көліктердің де отқа орануы жиі кездесуде. 14 тамыз күні Самарканд су қоймасының жанында Фольцваген Пассат көлігінің қаңқасы табылды, Өртке қарсы қызмет өкілдері келгенде өрттің бұған дейін болып, көліктің әбден жанып біркенін тіркеудің ғана сәті түсті, маңында көлік иесі болмады. Тексеру қорытындысында, көлікті әлдебіреулердің қасақана өртегені анықталды.

Міне, мысалдарды осылайша бірінен соң бірін тізбелеп келтіруге болады. Мұндағы негізгі мақсатымыз тұрғындарды үрейлендіру емес, керісінше өрттен сақтануды ескерту. Сақтық шараларына өзіміз мән беріп, мұндай оқиғалардың орын алуына жол бермеу үшін баршамыз жұмыла кірісуіміз қажет.

Төтенше жағдайлар басқармасының өртті бақылау мемлекеттік бөлімі осыны тұрғындардың есіне сала отырып, үйде де, түзде де өрттен сақтану шараларын естен шығармауға кеңес береді.

Т.ПРЕОБРАЖЕНСКАЯ,
өртке қарсы қызмет майоры



Қала күніне дейін бітіріп, сонымен бірге жұмысты сапалы атқару үшін дәл осы бағытта 73144,9 мың теңге үш мердігерлік ұйымның арасында тендерлік әдіспен бөліске түсті. Соның бірі „Стека,, өндірістік

Теміртауға 70 жыл

Биыл күзде Теміртау өзінің 70 жылдық мерейтойын атап өтеді, осыған орай қаланы көріктендіру, көгалдандыру бағдарламасы бойынша бюджеттен 372 881,3 мың теңге бөлініп, бірқатар жұмыстар белгіленді. Соның бірі де, бірегейі шаһардың ең басты көшесі-Металлургтер даңғылын абаттандыру болып табылады.

жасалды. Биылғы қала көркіне сән қосқан игілікті істің бірі биіктігі 2,5 метр болатын сәндік мүсіндер деуге негіз бар. Олар осы қалада жасалды, сөйтіп он алты дана қазақтың ұлттық өнерін, киімін бейнелейтін өнерлі қыз-жігіттер мүсіні Металлургтер даңғылы бойынан екі жерде орын тепті. Жалпақтығы 1 және 2 метр болатын он екі дана сәндік шарлар

бос жатқан жері енді халықтың игілігіне айналуына жол ашты. „ККК ЛТД,, ЖШС осы алаңға биіктігі екі метрлік отыз дана шыны тіндерінен жасалған сәнді мүсіндер ор-

тазалығына байланысты контейнер алаңдарын көбейту үшін қарастырылған 5126 мың теңгеге 8 құрылыс қою белгіленді, қазір оның бесеуі іске қосылды. Осылайша бұл бағыттағы жұмыс 60 пайыз орындалды.

Қалалық әкімдіктің кезекті мәжілісінде „Тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары,, бөлімінің жетекшісі Т.Акулова биыл көгалдандыру мен жасыл алаңқайлар жасауға 45207,4 мың теңге бөлініп, оның

жүргізуде. Өкінішке орай, кейбір бағдарламаға жауаптылар өз ісіне тиянақты қарамайды, соның мысалы ретінде „Анисимов,, жеке кәсіпкерлігін айтуға болады. Бұл мекемеге 2370 мың теңге бюджет қаржысы бөлініп ағаштардың сәнін келтіру міндеттелген болатын, орындау мерзімі наурыз-қазан. Бірақ күні бүгінге дейін олар өздеріне тапсырылған істі орындамағандықтан, ісі сотқа берілді.

Қала сәні аулалардағы балалар алаңқайлары екені белгілі, биыл он алты осындай балалардың ойын алаңы үшін 70640 мың теңге бөлініп,

Қала – сәнді, тұрмыс – мәнді



кооперативі қазірдің өзінде белгіленген жұмыстың 90 пайызын орындады. Сөйтіп, 180 дана жасыл шырша бұтағы отырғызылды, 20 дана сәнді вазон қойылды және олардың бәріне де қызылды-жасылды күл дестелері орнатылды. Жолдың ортасында тұрған май құю станциясының маңайын асфальттау және ажарландыру үшін 1800 шаршы метр жерді әрлеу қажет болған, бұл да ойдағыдай орындалды. Ал „Казвентқұрылыс,, ЖШС 2865 пагонды метр қоршау орнатып, жол қауіпсіздігі және қозғалыс реттілігіне айтарлықтай жағдай

қойылды және олардың бір ерекшелігі түнге қарай жанып, маңайына сәуле шашып тұрады. Мың шаршы метрден артық жасанды жасыл алаңдар төселді. Бұдан басқа қалалық мұражай аймағына бөлінген 77544,6 мың теңге бюджет қаржысы екі мердігерлік ұйым ұжымының еншісінде, қазір солардың бірі „Стека,, өндірістік ұжымы белгіленген жұмыстардың 80 пайызын атқарып, тағы да бір тұрғындарға ыңғайлы демалыс орны жасалды. Онда екі орындық, алты күл салғыш темір жәшіктер орнатылып, 75 метрлік қоршау жасалды, 250 шаршы метр жерде гүл алаңы жайқалып тұр. Мердігер ұйым мұнда 1440 текше метр құнарлы жер әкеп төкті, бұл жұмыстардың бәрі де мұражай аймағының бұған дейін

на-тып, екі мың шаршы метр алаңға жасанды жасыл желек төсейді және сегіз дана темірден иілілген кескіндер орнатады. Жұырда ғана қаламызда дене шынықтыру және спорт күні тойланғаны мәлім. Соның алдында ғана „Металлург,, стадионы алдындағы спорт қалашығын абаттандыруға 68 800 мың теңге жұмсалып, „Металлургжилстрой-сервис,,

ЖШС мұнда қыруар жұмыс атқарды. Қазір мұнда бұрынғыдай тек жаттығу құрылғылары ғана емес, 5-12 жастағы бүлдіршіндерге арналған ойын кешені көз тартады. Оның материалдары да балалар үшін ыңғайлы, қатты сырғымайтын, қолға жұмсақ болат құбырлар мен пластиктен жасалған бұл ойын алаңы биылғы жылдың жаңалығы десек те болады. 220 шаршы метр жерге жасанды шөп төселіп, осындай балаларды дамытуға және дене шынықтыруға қажетті спорттық бес кешен орнатылды. Сонымен қоса қаланың



бірқатары игерілгенін жеткізді. Қазір Металлургтер даңғылы бойында 224 дана жасыл шырша қоныс тепкен, сондай-ақ „Шағын қалаларды дамыту,, бағдарламасы аясында 1228 дана шырша тұқымдас ағаштар орнатуға 38419,0 мың теңге бөлініп, „Тұрмыс сапасы,, ЖШС бұл жұмыстардың бәрін сапалы орындап шықты.

Жыл сайын газондарды күтуге, ағаштарды кесуге, гүл алаңқайларын жасауға, ағаштарды зиянкестерден қорғауға бюджеттен қыруар қаражат бөлінетіні мәлім. Биыл да 212700 текше метр жасыл алаң шөптерін қыркуға, 15083,6 мың теңге қаржы бөлініп, оның бірқатары игерілді. Ал „Максат,, ЖШС 1073 ағашты кесу үшін 5146,4 мың теңгені игерді. Қазір бұл жұмыстың 60 пайызы орындалды. Гүл өсіру тапсырмасына ие болған „Ескандер,, ЖШС 14248,8 мың теңге қаражатты мамыр-қыркүйек айларында толық жұмсап, белгіленген тапсырманы ойдағыдай орындауға мүдделі болып отыр. Ал „Сандерс,, ЖШС бір жазда екі рет ағаштарды зиянкестерден қорғау үшін зарарсыздандыру жұмыстарын



бірнеше мердігерлік ұйым белгіленді.

„Тұрмыс сапасы,, ЖШС Металлургтер даңғылы 12/1, Бейбітшілік даңғылы 78/3-78/7, 3 „А,, шағын ауданда 17-19, Димитров көшесі 90, Әбдіров көшесі 6, Некрасов көшес бойында және Бейбітшілік даңғылы 70 үйдің аулаларында, ал „Стека,, өндірістік кооперативі Республика 31, Калинин 51/1, 54, Димитров 93/4, Чернышевский 112, Блюхер 33-33/1, 8 шағын аудан 7-ші айналым үйлерінің алдында балалар алаңдарын бүгінгі сұраным мен талғама сай деңгейде орнатты. Балалар алаңындағы бір кешеннің құрамында 28 түрлі әркілі ойын құрылғылары, орындықтар, әткеншектер, қоқыс жәшіктері бар. Айта кету керек, бұған дейін өткен жылдардың тәжірибесі көрсеткендей, кейбір балалар алаңдарының сапасыз, тез сынып, істен шығатын және тұрғындар талғамына сай келмегені мәлім. Сондықтан мердігер ұйымдардың бәрі де, алды сегіз, кейбірі екі жылға дейін өздерінің жасаған жұмыстарына кепілдіктер беріп отыр. Сондықтан бұл жұмыстардың бәрі дер кезінде орындалып ғана қоймай, сонымен бірге қандай да бір кемшіліктер орын алса, оны мердігерлер міндетті түрде қалпына келтіретін болады.

Серікгүл АЛТАЙБАЕВА

Бастама

Теміртаудың 70 жылдығы және Самарқанд кентінің 110 жылдығы аясында мектеп оқушыларына осы елді мекендердің бастауы мен өсіп-өркендеу тарихын айтып жеткізу қажеттігі туралы қалалық ардагерлер кеңесі бастама көтерді.

- Біз мұндай шешімге тегіннен-тегін келген жоқпыз. Мұның алдында шағын сауалнама жүргізіп, тұрғындардың қала тарихын қаншалықты білетінін сұрастырған едік. Сол кезде қазіргі теміртаулықтардың шаһардың қалай басталып, салынғанынан бейхабар екенін байқадық. Ал біз тарихымызды ешқаш-

Балалар қала тарихын білуге тиіс

ан естен шығармайтын халықпыз. Сондықтан 1 қыркүйекте жаңа оқу жылы басталысымен бір ай бойы қала тарихын оқытатын сынып сағаттарын өткізу туралы ұсыныс жасадық. Біз ардагерлер, зейнеткерлер, әсіресе осында алпыс жылдан бері тұратын қариялар бұл іске барынша көмектесетін боламыз, - дейді Нина Вахитова.

18 тамызда „Туған қалам, мен саған жүрегімді беремін,, деген дөңгелек үстел тарихи-өлкетану мұражайында басталды. Оған ардагерлермен бірге жастар клубының белсенділері қатысты. Туу туралы куәлігінде туған жері Самарқанд кенті деп көрсетілген адамдар мүлде саусақпен санарлық. Соның бірі Теміртауды тұңғыш салушы құрылысшының қызы, осында бүкіл өмірін дәрігер-фтизиатр мамандығына

арнаған Майра Әубәкірқызы Сыздықова, ол денсаулық сақтау ісінің үзгдігі, күні бүгінге дейін еңбектен қол үзген емес. Оның әкесі жұмыс іздеп Ереметаудан осында отбасымен

көшіп келгенде Самарқанд су қоймасы енді салынып жатқан еді. Майра Әубәкірқызы қаланың салынуы, өсіп-өркендеу тарихын жақсы біледі.

- Әр күн сайын таңғы сағат жетіде дабыл қағылатын, сонда бәрі жұмысқа асығып бара жататын еді. Ал мен болсам, дабылдан бұрын мектепке жетуді ойлайтынмын, кешігіп қалудан қорқушы едім, - деп сол бір қиын да қызықты балалық шағын еске алған ардагер дәрігер қаланың денсаулық сақтау саласы

қалай дамығаны туралы көптеген деректер айтып берді.

Ал мұндай тарихты қазіргі ұрпақтың көбі біле бермейді. Ертең көзкөргендер кеткен кезде тіпті қала мен кент тарихын айтып беретін адам да табылмайды. Олай болса, балалар қазірден бастап Теміртаудың көзі тірі куәгерлерінің әңгімесін естіп білуге тиіс. Қалалық ардагерлер кеңесінің бұл бастама-сы өте құптарлық іс.

Өз тілшімізден



Қалалық әкімдікте

Нарық заманында жер тауарға айналды, ол жекеменшікке тұрақты немесе уақытша қайтарымсыз беріледі. Тұрақты пайдалану, түрлі ғимараттар салу үшін де жер учаскесі қажет. Сондықтан қалалық жер қатынастары бөлімі мамандары өздеріне түскен әрбір өтінішке мұқият қарап, қажетті құжаттардың дұрыс әрі толық болуын қадағалайды.


Жер учаскесін алу үшін өтініш қала әкімінің атына жазылады, биыл жыл басынан бері -1 тамызға дейін жер учаскелеріне құқықтық

байланысты, ал 254-і әкімдіктің бұрынғы қаулыларына өзгерістер, жер учаскесінің пайдалану мақсаты, алаңның өзгеруі, иелікті

учаскесінің шекара сызығын және тазалық аумақтарын анықтауға байланысты жасалды. Сонымен қоса тиісті құжаттар толық болмаған жағдайда да арыз иесіне тиісті жазбаша жауап беріліп тұрады. Әкімдік қабылдаған қаулы бойынша жерді сатып алу, сату, жалға алу жөнінде келісім шарттар және оларды тіркеу, бағасын есептеу жұмыстары жүргізіледі. Жыл басынан бері есепті мерзімде 287 жер учаскесі жалға беріліп, олардың құны 7255446 теңге көлемінде белгіленген. Ал 193 жер бөлігін сатудан 635586877 теңге түсті. 28 жер учаскесін жалға алу 5441905 теңгеге бағаланды. Жерді сатудан және жалға беруден түскен қаражат қалалық салық басқармасы арқылы жергілікті

жіберіп отырады. Салық басқармасымен біріге отырып, жер иелерінің қарыздарын қайтару жұмысы да уақытылы жүргізіліп келеді. Егер жерді пайдаланушы оның тиісті өтемақысын дер кезінде төлемесе, немесе оны тым ұзаққа созатын жағдайы жүйелі түрде орын алса, бұл кезде сот органдарының көмегіне жүгінуге тура келеді. Жер қатынастары бөлімі жеке меншікке беруге, уақытша пайдалануға байланысты рәсімдеу жұмыстарымен айналасады. Әрбір өтініш берушіден қажетті құжаттарды қабылдауда үлкен тиянақтылық қажет. Сол ретте жер қатынастары бөлімі төрт мемлекеттік қызмет көрсетеді, оның екеуі жер учаскесін мақсатты түрде пайдалануға беру рұқсатының өзгеруі және жерді іздестіру жұмыстарын жүргізу мақсатында пайдалануға беру. Бұл жұмыстар қала әкімінің аппаратымен бірге орындалады. Бұдан басқа екі мемлекеттік қызмет бөлім тарапынан дербес көрсетіледі, ол нақты жеке меншікке сатылатын жердің бағасын бекіту және жер учаскесін қалыптастыруға байланысты жерге құрылыс жүргізу жобаларын бекіту болып табылады. 2015 жылдың өткен жеті айында жерге құрылыс жүргізу жобаларын қалыптастыру жөнінде 733 жоба бекітілді. Сондай-ақ жеке меншікке сатылған жердің бағасын анықтау хаттамасы -182. Үстіміздегі жылы бөлімге 733 өтініші жер учаскесінде құрлысты жүргізуге байланысты болса, ал 182 өтініш жер учаскесінің бағасын анықтауға байланысты хаттамалар толтырумен байланысты. Бұл арыз-өтініштер заңға сәйкес мерзімде қаралып, тиісті жауаптар берілді.

Соңғы жылдары тікелей біздің бөлімге түсетін құжаттар ағыны азайды, мәселен, өткен жылға қарағанда бөлімге бұрынғыдан 4,7 есе аз арыз-шағым келіп түскен. Өйткені соңғы кезде құжаттарды



қабылдау халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүргізіле бастады. Былтыр түскен 1333 арыздың мыңнан астамы жеке тұлғалардан болса, 182-сі заңды тұлғалардан. Сол өтініштердің 915-і тұтынушылар тілегіне орай толық қанағаттандырылған. Бөлім мамандарының жеке қабылдауында 290 азамат болды.

2015 жылғы 1 қаңтардан бастап „ҚР Жер Кодексіне„ өзгерістер енгізіліп, енді елді мекен аумағындағы құрылыс нысандары үшін жер учаскесін алу халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы ғана жүргізілетін болды. Осылайша, азаматтардың бөлімге келуі бәсеңдеді. Жалпы біздің бөлім өзінің бұрынғы тұрақты әрі халыққа ыңғайлы жағдайында жұмыс істеп келеді.

Әсел ӘБЕКЕНОВА,
қалалық жер қатынастары
бөлімінің басшысы



Жер - ел игілігінде

рұқсат алу үшін қала әкімінің атына 1333 арыз тіркелді. Оның бәрі де дер кезінде қаралып, қазіргі қолданыстағы заңға байланысты іс-әрекеттер жасалды. Қала әкімдігі осы өтініштер бойынша жүздеген қаулы-қарар шығарды. Оның 462-сі жер учаскесін беруге

қайта рәсімдеу немесе мемлекеттік меншікке қайтарылған жер учаскесін тағайындау сияқты мазмұнда. Қала әкімдігінің бұрынғы қаулысын қайтару жөнінде 3, ал жер учаскесін беру мүмкіндігі болмауы туралы 4 қаулы қабылданған. 9 қаулы жер

бюджет қазынасына құйылады. Сонымен бірге жер атынастарын реттеу бөлімі әр ай сайын салық комитетіне сатылған жер учаскелері немесе уақытша, жалға берілгендігі жөнінде немесе қайтарылып алынған келісім шарттар туралы мәліметтерді

ЛЕГАЛИЗАЦИЯ ИМУЩЕСТВА 2015

ВОСПОЛЬЗУЙТЕСЬ ВОЗМОЖНОСТЬЮ!

В Казахстане с 1 сентября 2014 года продолжается акция по легализации имущества. Легализация имущества будет продолжаться до конца 2015 года.

Согласно действующему законодательству по легализации имущества легализации подлежит следующее имущество:

- 1) деньги;
- 2) ценные бумаги;
- 3) доля участия в уставном капитале юридического лица (далее - доля участия);
- 4) недвижимое имущество, оформленное на другое лицо (кроме космических объектов и линейной части магистральных трубопроводов), право на которое или сделки по которому в соответствии с законодательством Республики Казахстан подлежат государственной регистрации;
- 5) здания (строения, сооружения), находящиеся на территории Республики Казахстан, соответствующие строительным нормам и правилам, а также целевому назначению занимаемого земельного участка, принадлежащего субъекту легализации на праве собственности;
- 6) недвижимое имущество, находящееся за пределами территории Республики Казахстан.

Действие настоящего Закона распространяется на субъектов легализации, легализующих и легализовавших принадлежащее им и полученное ими до 1 сентября 2014 года имущество.

Не подлежит легализации имущество:

- 1) права на которое оспариваются в судебном порядке;
- 2) предоставление прав на которое не допускается законами Республики Казах-

Уважаемые горожане и жители поселка Актау!

стан;

3) деньги, полученные в качестве кредитов;

4) имущество, подлежащее передаче в пользу государства;

5) жилые и нежилые помещения в объектах недвижимости, завершённых строительством за счёт бюджетных средств в рамках реализации антикризисных мер в целях обеспечения стабильности социально-экономического развития Республики Казахстан, утверждённых постановлением Правительства Республики Казахстан от 6 ноября 2007 года № 1039 «Об утверждении Плана первоочередных действий по обеспечению стабильности социально-экономического развития Республики Казахстан».

В акимате города в кабинете № 14 ежедневно кроме субботы и воскресенья с 9.00 - 18.00 с перерывом с 13.00 - 14.00 проводится разъяснительная работа и прием документов для проведения легализации.

В комиссии работает телефон 444616 по которому граждане могут уточнить что может быть легализовано и навести справки по интересующим вопросам. Заявление комиссией по легализации рассматриваются 30 календарных дней.

Ш. ТЕМЕРБЕКОВА,
Секретарь комиссии по
легализации имущества

Қысқа дайындық

Өткен аптада қалалық әкімдіктің аппарат мәжілісінде 2015-2016 жылғы жылу беру маусымына дайындық барысы талқыланды.




„АрселорМиттал Теміртау„ АҚ ТЭЦ-2 кәсіпорын Теміртау қаласын жылумен, ыстық сумен, электр қуатымен қамтамасыз ететін басты нысан. Биылғы жылу маусымына дайындыққа оған 1302,82 млн. теңге бөлінді. Әрбір негізгі және көмекші жабдықтарды жөндеудің кестесі белгіленді. Қазір №5 қазандықта ағымдағы, ал №4 қазандықта күрделі жөндеу жұмыстары жүріп жатыр. №6 қазандықты жөндеу маусым айында толық аяқталған. Мамандар барлық дайындық жұмыстары кестеге сай жүріп жатқанын айтады, қажетті материалдар да жеткілікті. Жылу беру маусымына қажетті көмір, мазут қажетті мөлшерде жеткізілген. Дайындық төлқұжатын алуға ештеңе кедергі бола алмайды. Сондай-ақ қаланың батыс бөлігіне жылу беретін КарГРЭС-1 үшін осы мақсаттарға 435,7 млн. теңге бөлінген еді. Қазір мұнда №9 турбогенератор күрделі жөндеуде, ал №9 қазандықта жөндеу жұмыстары толық

аяқталған. Алдағы 10 қыркүйек күні мұндағы негізгі және қосымша құрылғыларды жөндеу жұмыстары толық бітеді. Содан кейін станцияның дайындығы туралы төлқұжат алынады.

„Оқжетпес„ ЖШС алдағы қысқа дайындыққа 651 млн. 448 мың теңге жұмсағалы отыр. Жылу таратын жүйелер бойынша 5 шақырымға жуық

магистральді құбырлар, 7,5 шақырым ішкі орамдық құбырлар жөндеуге тиіс. Сондай-ақ бес шағын подстанцияның төртеуінде қазірдің өзінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталды. Қаладағы 1174 көп қабатты үйлердің бәрінде де жөндеу және реттеу жұмыстары жүріп жатыр. Сонымен қатар 64 білім беру, 11 денсаулық сақтау, 7 мәдениет және 6 спорт нысанында алдағы маусымға әзірленуде, оларда дайындық 70 пайыз. Автономды жылыту жүйесі бар кейбір тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандарға қажетті 2175 тонна көмірдің 1772 тоннасы жеткізілді. 1 қыркүйекке дейін бұл жұмыстар толық аяқталады. Қалалық әкімдіктің тұрғын үй коммуналдық бағдарламаларды бақылау бөлімінің жетекшісі Е.Дөненбаев алдағы қысқы жылу беру маусымына дайындықтың кедергісіз жүріп жатқанын хабарлады.

Өз тілшімізден



Барлық ауруға ем!

Фб-тағы Шынар Әбілденін парақшасынан алынған пост!

Бәрінен құтқарады!

Сену қиын, бірақ тексеріп көруге болады. «Мен өте сирек кездесетін бір емді білем. Бұл ем көптеген дерттен айықтырады. Кездейсоқ біліп қалдым. Құрбым екеуіміз косметиканың көрмесіне барған едік. Бір әйелмен таныстық. Өңгімедүкен құрып отырдық. Ол әйел бізге былай деді: «Қыздар, сондай жассыңдар, сендерге бояудың не керекі бар?» Біз таң қалдық. «Жас емеспіз ғой. Неше түрлімен ауырамыз». Немен ауыратынымызды айтып үлгерместен, ол бізге бәрін өзі айтты. «Сенде – қаназдық, ал сенде – ұйқы безі дұрыс жасамайды». Ауымыз ашылды. «Қалай білдіңіз?» дейміз. Ол: «Тілдеріңе қарап» деді. Ал, біз бутерброд жеп отыр едік.

Айтуынша ол Воронежден келіпті, емші екен. Енді немен емделсек болады деп сұрадық. Ол жақында Қытайда болғанын айтты. Ресейде оның бір бүйрегін алып тастау туралы шешімге келген екен. Ал, қытайлар таңертең сарымсақ сорууды тағайындапты. Ағза өзі қалыбына келеді депті.

Күнде таңертең тұрғанда адам аузы «қоқысқа» айналып тұрады. Сарымсақтың бір талын кесіп, соның бір тілігін аузыңа салып сору керек. Жарты сағат. Сарымсақтың уыты сілекеймен бірге қанға өтеді. Тамыр мен лимфаны тазартады. Ауыз қуысын

МЕНШІК ИЕСІ:
«Құрыш қала KZ» газетінің редакциясы» ЖШС
Құрылтайшысы әрі директоры
Т. СМАҒҰЛОВ

Бас редактор **Руза АЛДАШЕВА**
Техникалық редактор:
Қарлығаш БЕЙСЕНҚЫЗЫ

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.
Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
Редакция мекен-жайы: Теміртау қаласы, Блюхер көшесі, 13 үй, 237 кабинет.
Телефон: 8 (7213) 44-76-62. Телефон/факс: 8 (7213) 98-16-11 Электронды поштамыз: **khurysh_khala_KZ@mail.ru**



Біле жүріңіз

Артық салмақтан арылам десеңіз

Қазір бүкіл әлем артық салмақпен күресуде. Салмақ қуалау дегенді сән үшін, мода үшін деп түсініп қателесіп жүргендер бар. Жоқ, қазір семіру (ожирение) үлкен індетке айналды. Халқының саны көп Қытай, Америка т.б сияқты алпауыт мемлекеттерге халықты тойғызу үлкен проблемаға айналып, соның соңы түрлі фаст фуд, гамбургер, кфс сияқты зияны басым тамақтарды дайындауға алып келді. Біздің өзіміздің балалар да үйдегі ет пен майды жемей көшеден тамақ іздейтін болды. Интернетте сол тамақтарды қалай дайындайтыны туралы

жиіркенішті видеолар көп, соларды өсіп келе жатқан балаларға көрсетіп миына құя беру керек. Қыз балаларды кішкене кезінен өзін күтуге, әдемі боп жүруге дайындаған дұрыс. Қанша тартынып жесем де Анталиядағы 1 аптада 4.3 кг салмақ қосып келдім, яғни қазір организмнің өзі семіруге бейім. «Ауру астан» дейді қазақ. Артық салмақ-артық проблема! Сол үшін аптасына 3-4 күн мынандай өнімдерді пайдаланамын. Жолда жүргенде де жақсы, кабинетте отырған-



дар үшін де жақсы, пісірмейсіз! Азаннан кешке дейін тек осы кашаларды суға, айранға, сүтке қосып қалағаныңша жей бересің. Дәмі де жақсы, бағасы да арзан. (300-400тг) Өрі пайдалы, организмді тазалайды, салмақты тез тастауға ықпалы зор, теріңіздің жақсаруына тез көмектеседі, 100% таза өнім. Кез келген дүкеннен, аптекадан сұрасаңыз клетчатканың неше түрін табасыз. Сәттілік!

Жас көрінудің құпиясы

«Маған бір танысым айтатын еді. «Телефонмен біреумен ұрысып қалсаң сол адамның номерін, жазған хаттарын өшіріп таста, жаман негатив сақталып қалады» деп... Жалпы кез келген заттың энергиясы бар. Келісесіздер ғой? Мысалы қорқынышты видеоны көрсеніз көпке дейін қорқып жүресіз. Қан-жоса болған сурет көрсеніз не болса соған шошып, есіңізге тек жамандықтар түсіп мазаңыз қашады. Яғни суреттің ауыр энергиясы сізде тұр. Көп уайым, қорқыныш күйзеліске әкеледі. Ғалымдар рақтың шығу себебін 70-80%-ы күйзелістен, ауыр энергия, денеде негативтің көп сақталуынан деп тапқан екен. Тазалауды ең алдымен телефоннан бастаңыз! Фото, видеоның ішінде ең көңілді, жағымдысын алып қалыңыз. Қанша қимасаңыз да жүректі ауыртатын естеліктерді өшіріп тастаңыз. Өткен іске орала бермеңіз, дым пайдасы жоқ! Бекерге жүрегіңізді ауырта бермей өзіңізді сақтаңыз. Қиналып, әбіржіп жүрген адамға кетіп қалған адам бәрібір қайтып келмейді. Керісінше жасарып, жайнап жүрсеніз көп адамды өкіндіресіз. Бақытсыз махаббатты баяндайтын жылаңқы әндерді өшіріп тастаңыз. Өннен де жаман негатив таралатынын ұмытпаңыз! Құран тыңдаңыз, жүрегіңіз тынышталады. Өн тыңдағыңыз келіп шыдай алмай бара жатсаңыз Отан, туған жер туралы позитивті әуендерді жүктеп алыңыз. Керемет энергияның қайнар көзі - сәби, бала! Кез келген баланы құшақтап сүюден, еркелетіп ойнаудан бас тартпаңыз. Ең бастысы Аллаһ тағала адам баласына көтере алмайтын сынақ бермейді, осы есіңізде болсын! Кез келген қиындықтан шығу өз қолыңызда. Позитивті болайық достар! Осы сурет арқылы жылы энергия алыңыздар. Күн көңілді өтсін!»

15 минуттық ұйқы – таптырмас дәрі

Өмірде үлкен жетістікке жету үшін біздің әр күніміз жемісті аяқталуы керек. Ал шаршау, әлсіздік сынды «керітартпалар» еңбегіміздің нәтижелі болуына тосқауыл болады. Ұйқысы қанбаған адамның ешнәрсеге зауқы соқпай, ісінен береке кететіні анық. Ендеше, жетістікке бөгет болған әлсіздікті қалай тежейміз? Шаршамай, талмай еңбек ету үшін не істеуге болады? Бұл сұрақтардың жауабын төмендегі кеңестерімізден таба аласыздар.



Ұйқысыздықтың көлбетіңізге әсері

Ұйқысыздық адамның денсаулығымен қатар, бет жүзіне де кері әсерін тигізеді. Көздің кіртіюі, ажарыңыздың сұрғылттануы дұрыс және уақытылы ұйықтамағандықтан болады. Ғалымдардың айтуы бойынша, егер адам ұйықтамаса, түні бойы алмасуы тиіс токсиндер ағзада қалып қояды екен. Соның әсерінен терінің түсі өзгеріп, иммунитет төмендейді.

Ұйқысыздықтың санаңызға әсері

Адам ағзасы күнделікті орындалатын іс-әрекеттерге үйреніп алады. Бұл әрекеттер өзгеретін болса, ағзадағы қант пен холестерин мөлшеріне, сонымен қатар, жүрек соғысына да әсер етеді. Бұның бәрі мидағы нейротрансмиттердің (жүйке ұлпасынан миға импульстерді тасушы биологиялық белсенді зат) деңгейі түсуі мүмкін. Ол ойлау қабілетінің әлсіреуіне бірден-бір себепші болады. Бұл уақытта адам «Қашан ұйықтаймын?» дегеннен басқа ешнәрсе ойлай алмай қалады.

Мұндай жағдайда тез қозғалудың өзі қиын. Ғалымдар жаттығу жасау ағзалардың «тірілуіне» көмектеседі дейді.

Суық сумен жуынып, бес минут жүгіру керек. Бірақ бір нәрсені ете ұстау қажет. Ашық аспан астында күннің шуақты кезінде жүргірген тиімді. Себебі, күн сәулесі ағзаның оянуына, көзге пайдасын тигізеді. Сүйікті әуеніңіздің ырғағымен айналып жүгіріңіз. Бұл көңіл-күйді реттейді. Күн

сәулесі ағзаның оянуына, көзге пайдасы бар. Күндіз майлылығы төмен тағамдарды тұтыныңыз. Бұл әдістер сананың оянуына тез әсер етеді.

Ұйқысыздықтың ойлау қабілетіңізге әсері

Ұйқы кезінде ми көп қызмет атқарады. Мысалға, күні бойы көрген-білгендеріңізді жадыда сақтау, айқындау, ақпаратты қайта құру сынды жұмыстарды реттейді. Ал бұл әрекеттер сізді ертеңгі күнгі сергектікпен қамтамасыз етеді. Соның әсерінен жұмысыңызда тың ойлармен ерекшелене аласыз. Яғни, күні бойы креативті ой сіздің «серігіңіз» болады.

Түнгі ұйқы шаршаған адамдар үшін аздық етеді. Түс мезгілінде де уақыт тауып, тыныш жерде тынығып алған жөн. 10-15 минуттық ұйқы – таптырмас дәрумен. Оянған соң, аз-кем жаттығу жасап, буын-сүйектеріңізді, ағзаңызды оятыңыз. Кофе, шай ішіп жұмысыңызға кіріссеңіз болады.

Жұмыс кезінде шаршаған адамның жетістікке жетуі екіталай. Сондықтан, тыныққан ағза мен шыныққан дене сіздің өміріңізде үлкен рөл атқаратынын ұмытпаңыз.

Босанудан соң ішті қалай кетіруге болады?

Аяғы ауыр келіншектер көп кеңес сұрайды. Семіріп кеттім, бетім қарайып кетті, құсқым келе береді т.с.с. Білгенімді айта қояйын десем өзім де бала тумалы біраз боп қалды. Мен босанған жылдары әйтеуір бала туа салысымен ішке мұз қойып қоятын, жатыр тез орнына түседі деп. Ол пәле бүкіл дененді мұздатып есті шығаратын еді. Қазір Америкалық ғалымдардың оқып, зерттеуінен кейін жана туған баланы қоятын болыпты ғой. Жатырды тез орнына түсіре алатын жас сәбидің жып-жылы денесі екен. Құдай ау оны Америкадан сұрамай-ақ апалардан неге сұрай салмаған? Бұл біздің оқымаған әжелердің сона-аау ғасырдан қолданатын тәсілі екен ғой. Айтпақшы, баладан кейін қалып кететін ішті жұмыртқаның сарысы жақсы кетіреді екен. Тек қана сарысын жақсылап жағып сыртынан целлофанмен, оның сыртын қалың ормалмен байлап тастап 4-5 сағат жүру керек екен. Бұл да апалардың тәсілі! Сондай-ақ жас босанған әйелдің сүті бетке ең керемет маска екен. Теріні жұмсартып, ағартады екен. Яғни түрлі дақтарды кетіруге болады. Және 40 күнге дейін терлеген сайын бетіңізді қайта-қайта сүртіп отырсаңыз қара дақты да кетіре алады екенсіз.